ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

# ШАБЫТ



## Жарлан таланттың өнердегі соқпағы әрқилы

айлық журналы
ежемесячный журнал
№21 (21) 25.11.2016

## Құрметті оқырман!



«Өнерлінің өрісі ұзақ» демекші, елімізде өнер саласында атқарылып жатқан істер жетерлік. Тіпті, өз өнер ордамыздың ішіндегі іс-шаралардың реті күннен күнге артпаса кеміген емес-ті. Ол, әрине қуантарлық һәм құштарлық жайт. Әр істің басы-қасынан табылатын «Шабыт» журналының тілшілері барынша әр шараға қатысып, пікірлерін білдіріп, түйген ойларын журнал бетіне жазудан тынған емес. Қолдарыңызға тиіп отырған журналымыздың кезекті санында өнер әлеміндегі болып жатқан тың жаңалықтардан хабардар болып, салиқалы сұқбаттарды оқып, бүгінгі студент – ертеңгі мамандардың мардымды мақалалаларымен таныса аласыздар. Олай болса, бізбен бірге болыңыздар.

Құрметпен, журналдың бас редакторы
**Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ**

**Ағалар алқасы:**

«Шабыт» журналының негізін қалаған:
Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мейрамов Т. У. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Юсупова А. К. - өнертану кандидаты
Қадыралиева А.О. - өнертану ғылымдарының магистрі, театртанушы

**Редакция мүшелері:**

**Бас редактор:** Гүлім Көпбайқызы
**Тілшілер:** Манарбек Хыдырбай
Ләззат Алпысбаева
Нұрислам Әбділ
Нұржан Салимов
Амина Габдрашитова
**Дизайнер:** Әсет Ақмолда

**Редакцияның мекен жайы:**
Байланыс телефоны: +77756282848,
Редакциялық басылым бөлімі
Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а
E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

# МАЗМҰНЫ
# СОДЕРЖАНИЕ


| | | |
|---|---|---|
| Н. Рахманызы | 4 | «ҮМІТ» ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ЖАС КИНЕМАТОГРАФИСТЕРІНІҢ ФОРУМЫ |
| Ұ. Нұрғалым | 7 | СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚАНЫҢ ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР? |
| Н. Ескендіров | 9 | СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ |
| Н. Әбділ | 13 | ТАЛАҚ! ТАЛАҚ! ТАЛАҚ! |
| Н. Салимов | 14 | ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ |
| | 15 | КІТАПХАНА КҮНДЕЛІГІ |
| Ә. Дүнгененова | 16 | ТАРЛАН ТАЛАНТТЫҢ ӨНЕРДЕГІ СОҚПАҒЫ ӘРҚИЛЫ |
| | 18 | ӨНЕР КӨКЖИЕГІ |
| А. Мұқиат | 19 | ҒАСЫРЛАР САРЫНЫ |
| Г. Жұмашева | 21 | ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ КІМНІҢ МОЙЫНДА... |
| Ә. Ақмолда | 23 | ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕГІ ҚОҢЫР ОЙЛАР |
| Т. Тайшанов | 24 | ИНТЕРВЬЮ |
| Б. Сауырбаева | 28 | ӘМЕН ҚАЙДАРОВТЫҢ ЖОЛЫ ЖАЛҒАСУДА |
| | 29 | ПОСВЯЩЕНИЕ В СТУДЕНТЫ КАЗНУИ |
| К. Далишова | 30 | СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ КОРИФЕЮ ИСКУССТВА, ЛЮБИМОМУ ПЕДАГОГУ И ОТЗЫВЧИВОМУ ЧЕЛОВЕКУ... |

## «ҮМІТ» ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ЖАС КИНЕМАТОГРАФИСТЕРІНІҢ ФОРУМЫ

Жалпы, әр жылдың күз айын Орталық Азия елдерінің кеңістігінде кинематографиялық іс-шаралардың қыз-қыз қайнайтын тамаша кезеңі деуге болады. Биыл да бұл үрдістен жаңылған жоқ. Қыркүйек айының соңғы аптасында Алматы қаласында «Еуразия» халықаралық кинофестивалі өтсе, ал қазан айында өткен үш бірдей – «Байқоңыр» Республикалық қысқаметражды фильмдер (17-18 қыркүйек, Алматы) , «Бастау» (24-28 қазан, Алматы), «Дидор» (16-20 қазан, Душанбе) халықаралық кинофестивальдерінің соңынан іле-шала Бішкек қаласында «Уміт» атты ТМД елдері жас кинематографистерінің Форумы (27 қазан - 01 қараша) басталды. Соңғы төрт фестиваль де жастардың шығармашылығына арналған екен. Осындай кинофестивальдер мен форумдардың бағдарламаларында көрсетілетін жас кинематографистердің фильмдері арқылы сол елдің киносының болашағын, бүгінгі ахуалын бағамдауға болады. Қырғыз бауырларымыздың ұйымдастырған «Үміт» форумы да осындай мүмкіндікті молынан ұсынды.



Қырғыз Республикасы Мәдениет, ақпарат және туризм министрлігі жанындағы кинематография Департаменті ұйымдастырған «Үміт» Форумы биыл төртінші рет өтті. 2013, 2014, 2015 жылдары ұлттық деңгейде өткен Форумның жұмысына тек қырғыз фильмдері ғана қатысса, осы жолы халықаралық деңгейге көтеріліп, ТМД елдерінің жас кинематографистерінің фильмдері көрсетілді. Ең алдымен, назар аударғанымыз – конкурстық бағдарламалардың форматы болды. Форумның конкурстық бағдарламасына іріктеліп алынған 49 фильм «Қысқаметражды көркемсуретті фильмдердің ұлттық конкурсы», «Қысқаметражды көркемсуретті фильмдердің халықаралық конкурсы», «Деректі фильмдердің ұлттық конкурсы» және «Деректі фильмдердің халықаралық конкурсы» болып жүйеленген бағдарламаларда көрсетілді. Бұл өте ұтымды формат сияқты көрінді. Себебі, әрбір өтетін шара ең алдымен сол елдің мәдениеті мен өнеріне қызмет етуі тиіс екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, «Үміт» форумы өзге елдердің ғана емес, өз елінің жастарының шығармашылығына да назар аударып отырғаны қуантады. Бұл тек ТМД аумағына енетін елдердің ғана емес, қырғыз елінің жас киносының да тыныс-тіршілігімен, бағыт-бағдарымен танысуға мүмкіндік бергені сөзсіз.

Форумның негізгі төрт конкурстық бағдарламасына қазылық ету жағы да ұтымды ойластырылған: ұлттық конкурсқа қатысқан фильмдерді шетелдік, ал халықаралық конкурстың фильмдерін қырғыз кинематорафистері бағалады. Атап айтқанда, қысқаметражды көркемсуретті фильмдер мен деректі фильмдердің ұлттық конкурсының

Қазылар алқасының құрамында Кирилл Разлогов, Сергей Кудрявцев, Гүлнар Әбікеева, Владимир Тюлькин, Артур Взебер, Ульви Мехти, Максим Царьков сияқты шеттен келген белгілі кинотанушылар мен продюсерлер, кинодраматургтер мен кинорежиссерлер, ал халықаралық конкурстың Қазылар алқасының құрамында Ақтан Арым Құбат, Артықпай Суюндуков, Шамиль Жапаров, Эрнест Абдыжапаров, Хасан Қыдыралиев, Тынай Ибрагимов, Бақытбек Турубаев, Әсель Жураева сияқты қырғыз елінің белгілі кинематографистері жұмыс істеді. Бұлардан өзге киносыншылар мен ТМД елдерінде өтетін кинофестивальдер өкілдерінің және Қызғыстан жастарының Қазылар алқасы жұмыс істеді. Осы аталып өткен барлық Қазылар алқасының құрамы үздік фильмдерді анықтауға ат салысты.

Ең алдымен, қырғыз жастары түсірген деректі және қысқаметражды көркемсуретті фильмдерге назар аударғым келін отыр. Қазылар алқасы құрамының бір мүшесі ретінде «Деректі фильмдердің ұлттық конкурсына» қатысқан 9 деректі фильмді көріп, бағалау мүмкіндігі болды. Жалпы, сонау 1960 жылдардан бастау алатын қырғыз деректі киносының тамаша мектебі бар екені әмбеге аян. Әлемнің әртүрлі деңгейдегі кинофестивальдеріне




қатысып жүрген деректі фильмдерден бұл мектептің үрдісі үзілмей келе жатқанының куәсі болып жүрміз. Бұл үрдісті бүгінгі қырғыз жастарының деректі киносынан да байқауға болады. Бірақ, алдыңғы жылдарға қарағанда едәуір өзгергенін аңғардық. Тоғыз деректі фильмнің әрқайсысының тақырыбы, котерін отырған мәселесі, кейіпкерлері т.б. қырғыз елінің бүгінгі әлеуметтік өмірімен, тарихымен тығыз байланысты әрі қызықты болғанымен, олардың экрандық бейнесін ұсынғанда шығармашылық ізденістің кемшін түсіп жатқаны байқалды. Фильмдердің көпшілігінде сыртқы көріністік баяндаумен ғана шектелуі кейіпкерлердің мінез-құлқы ерекшелігінің назардан тыс қалуына әкеліп соққаны көрінін түрды. Және ең бастысы – бұрынғы жылдармен салыстырғанда, қырғыз жастарының бүгінгі деректі киносы өткірлігі мен батылдығынан алшақтаған сияқты әсер қалдырды. Алайда, бүкіл ғұмырын медицинаға арнаған, бүгіндері сексеннің сеңгіріне шыққан және оның соңғы жиырма бес жылында өзі қызмет ететін ауруханада тұрып жатқан атақты хирург Эрнест Акрамов туралы түсірілген «Рахмет, дәрігер!» («Спасибо, доктор!», 2016, реж. Адилет Қаржоуев), Ақматжан атты қарапайым шаруаның отбасы туралы түсірілген «Түяқ» (2016, реж. Самара Сағынбаева), алыс ауылдағы су тапшылығы туралы өзекті мәселені – бірі алты, екіншісі жеті жастағы ағалы-інілі Намысбек пен Бексұлтанның қыстың аяз қарыған күндерінің бірінде корші ауылдан су тасуы арқылы бейнелеген «Цена одной ошибки» (2016, реж. Жекшенбай уулу Токтомуш) сияқты ерекше тағдыры мен мінез-құлқы бар кейіпкерлерімен назарға ілінген фильмдер де болды.

Қысқаметражды көркемсуретті фильмдердің ұлттық конкурсына қатысқан қырғыз жастарының жұмыстарынан да көптеген өзгерістерді байқадық. Олардың ең бастысы – жас кинематографистердің жанрлық киноға басымырақ назар аудара бастағаны. Шын мәнінде, бұл бұрындары байқала қоймаған тенденция болатын. Алайда, жас режиссерлер бұл үрдісті мейлінше жақсы меңгергеніне куә болдық. Мысалы, мистика жанрындағы «Сақина» («Кольцо», 2015, реж. Бакай Усеналиев) және «Таксист» (2015, реж. Қымбат Адылбекова) фильмдерін өте шебер түсірілген жұмыстар ретінде атап өтуге болады. Немесе бірнеше жүлдені иеленген «Олжо» (2016, реж. Болсунбек Таалайбек уулу) фильмін айтуға болады. Астарлы әзілі бар бұл фильм қырғыз халқының ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін жақсы жеткізген. Осындай фильмдердің қатарында «Қалпақ» («Шляпа», 2016, реж. Дастан Мадалбеков), «Дубурт» («Топот», 2016, реж. Бектұрған Құндызбеков) жұмыстарын да атап өтуге болады. Қала өмірі мен ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан дала мәдениеті арасындағы теке-тірес жас режиссер Салтанат Зарнаеванын «Үй» («Дом», 2016) атты фильмінде жақсы көрсетілген. Әрине, жанрлық киноға басым назар аудару тенденциясы өз нәтижесін бере бастағанына «Мелдеш» («Заплыв», 2016, реж. Акыйкат Асқаров) фильмі дәлел бола алады. Фильмнің режиссері Акыйкат Асқаров – қырғыз киносының белгілі өкілдерінің бірі Марат Сарулу мектебінің өкілі.

Қысқаметражды көркемсуретті фильмдердің ұлттық конкурсына қатысқан 13 фильмнің арасынан бұл жұмыс аса ерекшеленіп тұрды. Туысқандарының қолында тұрып жатқан Темір атты жасөспірім жетім баланың мектептегі өмірі өзіне және қатарластарына үнемі күш көрсететін топпен байланысты. Осы топтың лидерімен Ыстықкөлдің бір жағалауынан екінші жағалауына жүзіп өтуге бәсекелесіп, ақыр соңы оның ішкі рухы, қайсар мінезі жеңіске алып келеді. Қай жағынан алып қарасаңыз да, өте шебер түсірілген «Мелдеш» фильмі Гран-при жүлдесін иеленгені кездейсоқ емес.

Қысқаметражды көркемсуретті және деректі фильмдер конкурсына қатысқан жұмыстардан тағы бір байқағанымыз – фильмдердің басым бөлігінің титрында «Қырғызфильм студиясы» деген жазу кездеседі. Бұл дегеніміз қырғыз жастарының киносы мемлекеттік деңгейде жақсы қолдауға ие болып отыр деген сөз. Ұйымдастырушылар «бөлінетін қаражат мардымсыз болса да, сол аз қаражат пен техникалық көмектің өзі жастарымыздың кино түсіруге деген құлшынысын арттыруға ықпал етері сөзсіз» дейді. Сондай-ақ, Қырғызстанда бүгіндері белгілі болып қалған көптеген жеке студиялардың да жастардың киносына қолдау көрсетіп отырғаны байқалады. Әрине, мұның барлығы ертелі-кеш өз жемісін берері сөзсіз.

Ал, қысқаметражды көркемсуретті фильмдердің халықаралық конкурсына Қазақстан, Ресей, Грузия, Белоруссия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінен келген 15 жұмыс қатысты. Осы тұста, айта кететініміз – Қазақстаннан Шерхан Қуанәлінің (Қазақ Ұлттық өнер университетінің биылғы жылғы түлегі) «Фотограф» атты фильмі ғана қатысты. Конкурсқа қатысқан фильмдердің басым көпшілігінің кәсіби шеберлігі тәнті етті. Мысалы, көптеген халықаралық кинофестивальдерде жүлдегер атанып үлгерген «Возвращение Эркина» (2015, реж. Мария Гуськова, Ресей), «Качели гробовщика» (2012, реж. Эльмар Иманов, Әзербайжан/ФРГ), «Антигона» (2015, реж. Олег Хамоков, Ресей/Кабардино-Балкария), «Наверху и внизу» (2015, реж. Тимур Исмаилов, Әзербайжан) фильмдерін айтуға болады.

Деректі фильмдердің халықаралық конкурсына 12 фильм, оның ішінде Қазақстаннан «Ауыл тынысы» (2016, реж. Қымбат Тойшы, Қазақ Ұлттық өнер университеті), «Заика» (2015, реж. Аян Бұғыбаев. «Тұран» университеті), «О, счастливчик» (2015, реж. Серік Сәрсенбаев, «Тұран» университеті), «Продавец ностальгии» (2016, реж. Аруан Анартаев, Дәрежан Өмірбаевтың шеберханасы) және «Ведать» (2015, реж. Константин Сурков, «Тұран» университеті) атты бес деректі фильм қатысты. Бұл дегеніміз – елімізде жас кинематографистеріміздің деректі киноға соңғы жылдары басымырақ назар аударуының дәлелі болса керек. Сондай-ақ, Форумнын қатысушылары мен қонақтары үшін белгілі деректі кинорежиссер Владимир Тюлькин (Алматы), белгілі кинотанушы Кирилл Разлогов (Москва) өткізген шебер-сыныптардың, белгілі кинотанушы Сергей Кудрявцевтің екі томдық «Почти сорок четыре тысячи» атты киноэнциклопедиясының тұсаукесерінің және жаңа фильмдердің жобаларымен («Нават», «Сулайман-Тоо») таныстыру шараларының жұмысына қатысу мүмкіндігі болды.

**Назира РАХМАНҚЫЗЫ,**
Кинотанушы, Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті, өнертану кандидаты

## Сөз тапқанға қолқаның қандай қатысы бар?

Ұлт ұстазы Ахаң: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады», – дейді. Біз мұны көбінесе сөздік қорымызға кейінірек енген «мемлекеттік тіл» төңірегінде қолданып жүрміз. Асылында, Ахмет атамыздың айтпағы бұдан өзге. Бұл мәселені Жапониядағы мынадай бір жағдаймен салыстыра айтқанда түсініктірек болар.

**Жапондар тілін сақтау үшін күріш егеді.**

Жапония – жері тар, табиғаты да сонша қолайлы ел емес екені әмбеге аян ғой. Екі аралы «өлгелі» жер жағынан жағдайлары тіптен қиындай түскен. Осыған байланысты олар күрішті өздері екпей-ақ, сырттан экспорттап алғаны өте тиімді болмақ екен. Алайда, сырттан күріш алуға кететін қаржыдан он есе көп ақша шығарып, шығынға бата отырып күрішті өздері егуге шешім қабылдаған. Оны еғетін, қарайтын адамдарға да жоғары айлық төлеп әуре сарсаңға түсіп отыр. Неге? Бір қарағанда сонша ақшаны бекерден бекер желге шашып, күріш егіп ерігіп, ойнап отырғандай сезілген жапондардың қайғысы басқа екен. Мәселе тілге, тіл ділге, ділі ұлттық болмысына әсер етіп, жапондар күріш екпей бұлай кете берсе ұлт жоғалмақ екен. Өйткені, жапондардың 70-80 пайыз сөзі күрішпен байланысты болып шыққан. Егер жапондардың санасынан бұл сөздер, осы сөздер беретін ұғымдар жоғалса жапон да жоғалмақ. Әлемге ортақ техникалық тілдер ұлттық болмысын, дара ерекшеліктерін жойып тынбақ. Мына жанталастық соның алдын алу. Жапондардың 70-80 пайыз сөзі күрішпен байланысты болса, біздің 70-80 пайыз сөз көшпенді өмірмен, төрт түлік малмен байланысты ғой, мұндай мәселе бізде жоқ па?

**Сөз тапқанға қолқаның қандай қатысы бар?**

Бұл күнде көптеген мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестеріп әңгіме арасына қыстырып жіберғенімізбен ары қарай оның мағынасын тарқатып бере алмаймыз. Кейде, тіпті алғашқы мазмұнынан мүлде алшақ мағынада қолданамыз. Неге?

Біз де көшпелі дәуірден отырықшылыққа ауысқалы сол кездегі кейбір заттарға байланысты қалыптасқан атаулардың өзін ұмыта бастадық. Қазақтың ол дәуірін неше буын ұрпақ көрген жоқ. Содан кейін де ол атауға байланысты кей мақал-мәтелдің, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсінбейміз. Мысалы, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейміз. Мағынасы қандай?

Оны түсіну үшін ең алдымен «қолқа» деп нені айтатынымызды білу міндет. Қазақстанның «Уикипедия» ашық энциклопедиясындағы мәлімет бойынша: «қолқа – омыртқалардың қан айналыс жүйесінегі ең ірі артерия қан тамыры». Жарайды, делік. Ендеше, мұның «сөз тапқанға» қандай қатысы бар? «Қолқа сала келдім», «қолқалап болмаған соң…» деп келетін тіркестердің ше? Дәл мына анықтама бойынша бұларды қанша қолқаласақ та, бір-біріне жуықтата алмаймыз. Демек, «қолқа» деп аталатын екінші бір зат бар. Иә, аталарымыз тағы нені «қолқа» деп атады?

Түйеге жүк арту үшін 7-8 құлаш екі арқан керек. Сол екі арқанды қосақтап, кесілген жеңдей қуыс киізден өткізеді. Сол қуыс киізді «қолқа» дейді. Қолқа арқанның тең ортасында болып, жүк артқан кезде түйенің дәл төсіне келеді. Яғни, түйенің төсіне арқан батпас үшін жасалынған зат. Бір қызығы, бұл киіздің сыртқы формасы анау ағзадағы қолқамен ұқсас. Сол үшін де осы қуыс киізге ағзадағы қолқаның атауын берсе керек.

Міне, біздің мақал-мәтелдерімездегі «қолқа» сөзі осы затқа байланысты. Себебі, түйеге жүк арту үшін оны шөгеру керек, шөгеру үшін арқанның бір жағын шумақтап алып қолқаны төс тұсына келтіре, түйенің мінер жағынан қамшылар жағына өткізе лақтырамыз. Түйені қазақ осылай қолқа салып шөгереді. Енді, үйретілмеген асау тайлақ болмаса, жүк артылған түйе атаулы иесі қолқа салғанда өзіне жүк артатынын біледі, өздігінен шөгеді. Тіпті, кейде бала-шаға бұйдасынан сілкілеп шөгере алмай тұрған түйенің төсіне үлкендер келіп қолқаны сала қойғанда екі тізесі еріксіз бүгіліп, «бық» етіп шөге қалатынын өз көзімізбен талай көргенбіз.

**Қолқа сала келген қазақ пен өтініп тұрған қазақ.**

Енді түсінікті болар, «қолқа салып кеп отырмын» деген «жүк артқалы келіп отырмын, салмақ салғалы келіп отырмын» дегенді білдіреді. Қолқа – қалаудың, біреуді көмекке шақырудың, қазіргі тілмен айтқанда өтініш айтудың ұшар басы, қазақ біреуден бір нәрсе сұраудағы сөзінің шегі. Қазақта «өтінемін» деген сөз жоқ-тұғын. Бұл өте жалынышты хал. Аталарымыз бір-бірін ондай күйге түсіргісі келмейді. «Айналайын, қолқа сала кеп отырмын» дейді ақсақал. Шарасыздығын айтты, бірақ мүсәпір, аянышты, жалынышты күйге түсіп айтқан жоқ. Себебі, бұл сөз оның қадірін сақтап, белгілі дәрежеде тепе-теңдікті ұстап тұр. Ал, қолқа салынып қойды, қолқа салынған адам қайтпек? Оны қазақ құдды алып қашып әкелген келіннің алдына көлденең жатып алып «кетсең, мені аттап кет» деген енедей сезінеді. Сондықтан қолқаны аттап кету деген үлкен әбестік. Мінеки, мұның арғы жағында қазақтың бір-бірімен қарым-қатынасының, болмысының қандай болғанынан хабар беретін үлкен ақпарат бұғып жатыр.

Енді, қолқаны аттауға болмайтынын білдік. Орындай алмаса, орындауға мүмкіндігі болмаса ше? Сондықтан «маған қолқа сала көрмеңіздерші», «қолқалай көрмеңіздерші» деген сөздер жиі айтылады. Ал, салынып қойған қолқадан мыңнан бір адам ғана құтылады. Аттап емес, сөз тауып құтылады. Сол кезде қолқа сала келген адамның өзі оған риза болып қолқасын кейін тартып алмақ. Өйткені, «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Қалай ә?! Бұл – шығар жол. Аталарымыз мұны да ескерген екен. Қолқа салып сұрап тұрған дүниесін берсең де бересің, бермесең де бересің, шақырған жеріне барсаң да барасың, бармасаң да барасың демейді, көкейге қонымды, қызықты да тапқыр жауапсөз айтсаң қолқасын өзі қайтып алуы керек һәм реніш болмауы тиіс. Міне, бұл сөз ғана емес, бұл – біз көп айта беретін, таңдай қаға беретін, тереңіне жете алмай тамсана беретін аталар болмысының бір ғана көрнісі.

Бұл біздің көшпенді дәуірден отырықшылдыққа ауысу барысындағы жоғалтуымыз. Қазіргі уақытта қазақтың қанша сөзі архаизмге айналып бара жатқанын санап тауыса алмайсыз. Ахаңның жоғарыдағы сөзі әрине тіл, тіл болғанда да құр атаулар тізбегі емес, сөз, сөз ұстап тұрған мағына, сол мағынаға сай ұлт деңгейінде айтылған сөз. Сөз жоғалса, болмыс жоғалады. Мысалы, ақылсыз хайуан аттамаған қолқаны ақылды адам неге аттап кетеді? Өйткені, ол сөз – жоғалған. Иә, әзірге сырты бар, іші жоғалған. Осы күнде біз оның қандай мәселеге байланысты айтылуы керек екенін бұрынғы қолданыстағы инерциямен түйсік арқылы болжап қана айтып жүрміз. Дәл қазір инерция баяулады, оны бұл сөздің бұрынғыдан әлдеқайда сирек қолданылатындығынан көруге болады. Сондықтан біраз жылдарда сырты да жоғалады.

**Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ**

*Қазақ ұлттық өнер университетінің «Театр, кино және ТД» факультетінің, «Актерлік өнер және режиссура» кафедрасының аға оқытушысы, сахна қозғалысы мен сахна сайысы мамандығының маманы Ахан Жалынбекпен арнайы сұхбат.*



**Қазақы рух идеясын қазақ қана көрсете алады!**

**–Жалынбек аға «өнер» атты қызықты да күрделі жолға қалай келдіңіз?**

– Мектеп қабырғасында домбыра тартып, театрландырылған қойылымдарды ұйымдастырып қана қоймай, актер де болып ойнайтынмын. Ауылдық, аудандық жарыстардан да шетте қалған жоқпын. Ауылда жүргенде «қытай кино әлемінің жұлдыздары: Брюс Ли, Джеки Чан сияқты шебер актер болсам» – деген қызығушылық мені алға жетеледі.

**– «Хақ жолды» нұсқаушы, сізді алға жетелеген жетекшіңіз туралы бірер ауыз сөз айтсаңыз?**

– Орынды сұрақ екен. Мен Н.Жақыпбай, Б.Атабаев, С.Балғабаев, Ә.Сығай, Б.Құрманғожаевтардан сабақ алдым. Олардан көп нәрсе үйрендім. Мені сахна қозғалысына, сахна сайысына баулыған, мамандықтың қыр-сырын үйреткен ұстазым – Тұрарбек Айтқожанов. Оның сабақ беру, үйрету әдісі өте қарапайым болғанмен, студентпен бірге жаттығуларды көрсетіп, өзі де жасайтыны мені әр-жолы таң қалдырған. 2002-2004 жылы мен магистратураны сол кісінің шеберханасынан бітірдім. Тұрарбек ағаның қолдауымен өнер академиясына жұмысқа орналастым. Бірақ, 2014 жылы 16 қарашада ол кісі дүниеден өтті. Т.Айтқожанов – консерваторияда «Актерлік» бөлімін, содан соң 1970 жылдары Мәскеуде «Режиссер» мамандығын оқып жүрін, сахна қозғалысын жетік меңгерген кәсіби маман. Қазақстандағы ең алғаш сахна сайысын ұйымдастырушылар – Т.Айтқожанов пен А.Құлбаев. 1987 жылы консерваторияда «Сахна қозғалысы» деген кафедраны да ашқан. Сол жылдан бері елімізде бұл мамандық кеңінен дамып келеді. Араға 20-30 жыл салып, сол тұлғалардың тізіміне Нұржан Садыбеков екеуміз келіп қосылдық. Қазір Нұржан көбінде фильмдерге түсіп жүр. Соңғы түскен сериалдары «Айман-Шолпан», «Тарзан» деген фильмде «бандит» бейнесін сомдаған. Бүгінгі таңда ұстазымыз Т.Айтқожановқа арнап кеш ұйымдастырып, ескерткіш орнату – ендігі біздің міндетіміз.

**– Қандай театрларда жұмыс істедіңіз?**

– 2004 жылдан бастап Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында тарихи және балаларға арналған ертегілерде басты рөльдерде ойнап, бес жыл жұмыс жасадым.

2007 жылы драматург С.Балғабаев аталмыш театрға арнап «Сиқырлы әлем» деген спектакль жазған болатын. Оқиға желісінде Еркебала анасына келін сабақ оқығысы келмейтінін және тек ұйықтай бергісі келетінін айтады. Түсінде біз, яғни, фокусниктер, сиқыршылар, акробаттар, барлығымыз өнерімізді көрсетіп баланы қызықтырамыз. Оянған бала оқуға деген ынтасы артып, оқу білімге құмарланады.

Ол кездерде иогамен айналысып жүрген кезім. Отпен денемді ойнатам, ара, шеге үстінен жүремін. Инені сабақтап, бет-аузымды тігіп тастайтынмын. Түрлі қару-жарақпен мәнеріне келтіре отырып сайысамыз. Жастық шақта батырлық рух жалындап тұратын.

**– Қару-жарақтарды қаншалықты деңгейде игердіңіз?**

– Қылыш, қанжар, шоқпар, найза, садақ, балта секілді қару-жарақтарға бала кезден қызығушылық таныттым. Әрине, қару-жарақтың маманы болғандықтан «Қазақтың қырық қаруы» дегенді тауып, талдап жазып та жүрмін. Оларды әр ғасырда қолдануына байланысты атаулары бар. Мысалы, ханның, уәзірдің, батырдың қылыштары әр заманда әр түрлі. Қылыштың ою-өрнегі, өзіне тән құрылымы бар. Оларды қалай ұстап, пайдалану керектігін білін, атауларын шатастырмау керек. Қазақ елінің ұлан-ғайыр жерін бабаларымыз жаудан аман сақтап қалуының басты себебі, аталмыш бес қарудың барлығын еркін қолданып, бес саусақтай жетік меңгергенін бесенеден білеміз. Қазіргі қоғамда бұларды пайдалану тек өнер адамдарының үлесіне бұйырыпты. Қару-жарақты қаншалықты еркін меңгерген, оны сайыста байқайсың. Бұл дәстүрді әлемдік деңгейге дейін насихаттау керек.

2014 жылы бес бөлімнен тұратын «бес қару» деген сценарий жазғанмын. Бастамасы жаман емес, бірақ мен ойлағандай керемет болмады. «Қазақ елі, қасқыр жері» деген сценарийіме деректі фильм түсірілді. «Дидар» деген кинофестивальге қатысып, номинация алған болатынмын. Қазіргі уақытта Нұржан екеумізге «Қос қыран» деген сценарий жазып жатырмын. Ол жерде біздің бүкіл жаттығуларды меңгергеніміз туралы айтылады. «40 қару» деген сценарийді де бастап жазып жүрмін. Бұларды шығару үшін біріншіден, уақыт, екіншіден, қаражат мәселесі.



Қару-жарақ, сахна сайысы, сахна қозғалысы деген пәндерден сабақ беремін. Онда студенттердің пластика, органика, арқа мен буын-бұлшық еттерін жаттықтырамыз. Ритмика, жанглерлеу, пантомима деген элементтер кездеседі. Қару-жарақты айналдырудың да түрлері көп. Мысалы, бірлік айналдыру, екілік, үштік айналдыру деген бар. Жоғарыдан, ортадан, төменнен айналдыру деген жаттығулар сабақ барысында тереңірек үйретіледі.

**– Студенттерді тәрбиелеудегі ұстанымыңыз қандай, шәкірттеріңіз бар ма?**

– Ұстазымның жолын ары қарай жалғастыру - маған аманат.



Ұстаз ең бірінші өзін тәрбиелеп, тәртіпті қатаң сақтауы шарт. 2004 жылдан бері мұғалім болып, студенттерге дәріс беріп келемін. Ең бірінші шәкірттерім – Рахметов Мақсат, Байлин Әзімбек. Олар Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының коледжінде, одан кейін академиясында тәлім алған. Бүгінде елімізге белгілі «Алаш ұлы» деген топ. Өздері де шәкірт тәрбиелеп жүр. «Жаужүрек мың бала» фильмінде түскен А.Өтепбергенов пен А.Төлеповке сахна қозғалысынан сабақ бергенмін.

1-2 курста сахна қозғалысы, ал, 3 курста сахна сайысы басталады. Екі кеседегі суды қолмен айналдыра отырып шынтақ, жауырынымызға жеткіземіз, буындарға арналған жаттығуларды жасаймыз. 4 курста дипломдық, тарихи спектакльдерді қойғанда, қылыш, қанжарды ұстау, сайысу шеберліктерімен күрделі трюктерді көрсетеді. В.Шекспирдің «Гамлет», «Отелло», «Ромео мен Джульетта» трагедиялары тәрізді күрделі трагедияларды қоятын болсақ «дага», «сабля», «рапира» сияқты қарулардың барлығын актерлер жетік меңгереді. Сондықтан, Қазақстан өнерінде сахна сайысы кенже қалып жатқан жоқ, жоғары деңгейде деп айта аламыз. Көпшілік сайыстарды, шайқастарды қоя аламыз. Кез-келген жерде қару-жарақпен, әдіс-тәсілдік жұмыс істегенде, қауіпсіздік сақтау керек. Мысалы: дұрыстап секіру, құлаған кезде қол-аяқты икемге келтіре қоя білу, бұл ұзақ дайындықты талап етеді. Жаттығулардан бастап үлкен сайыс сахналарын даярлаймыз. Студенттерге тәжірибелік тұрғыда өзің жасап көрсеткен дұрыс. Бәрін көріп қайталап, бірдіндеп өз стильдерін қалыптастырады.

**– Студенттерді қандай мектеппен, яғни, жүйемен оқытасыз?**

– Ең бірінші сахна қозғалысы мен сайысында қазақы рухтағы болмыстар, жүйелермен оқытамын. Сосын барып К.С.Станиславский, М.Кэмбл, Б.Брехт, А.Б.Немировский, И.Э.Кохтың т.б. жүйесімен таныстырамыз. Қазақ театрлары К.Станиславский жүйесімен жүргендіктен, соған сәйкес қозғалыстарды, сайыстарды ұйымдастырамыз.

**– Қандай фильмдерге түстіңіз және түсіру алаңындағы қызықтар болды ма?**



– «Әулет» деген фильмде жылқыны жотадан құлататын сәтім бар. Режиссері – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген Әнуар Мәтжанов. Қазақстан телеарнасының тапсырысымен тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «Шекарашылар шебінде» атты 16 бөлімнен тұратын сериалда орман сақшысын бейнеледім. 2008 жылдың мамыр айында

«Қара майор» деген кейіпкерді сомдадым. «Астана ғашықтар мекені» деген фильмде «Жасын» болсам, Батырхан Шүкеновтың «Сағым дүние» деген клипінде боз баланы бейнеледім. Хабар агенттігі тапсырыс берген. «Анаға апарар жол» деген деректі фильмде эпизодтық рөлім бар. Ақан Сатаевтың «Жол сілтеуші» фильмінде «Қодас» (Як) деген жабайы сиырға мініп жүрген сахнам бар. Польша, Варшавадан келіп түсірілген «Степи» атты тарихи фильм Қазақстанда түсірілді. Екінші қатарлы «Бату» деген басты рөлді сомдадым. Қ.Нұртастың фильмінде бір эпизодта «Айбек» деген рөл және т. б. бейнелерім бар.

**– Сіздің мамандығыңызда оқыс қимылдарды орындайсыз, түрлі акробатикалық, каскадерлік трюктарды көрсетесіз. Қолдан келе бермейтін мамандық қой. Сізде оқу барысында, кино, театрда жаттығу жасау барысында денеңізге зақым тиген сәттер болды ма?**

– Әрине, бірер жылда қырықтың ауылына да жетіп қаламыз. Аллаға шүкір, денсаулығымыз әлі де жақсы. Оның бәрі күнделікті дайындықтың арқасы. Қаншама найзалар тиген, тіпті көзімнің астына шпага тиіп, кесіп кеткен болатын. Содан тыртығым әлі де бар. Сол жақ шынашағымды пышақ кесіп, жұмыс жасамай кейде кедергі келтіреді. Ал, сондай үлкен сайыстарда қол сынып, бас жарылған үлкен жарақаттар болмаған. Шама келгенше, кәсіби деңгейде жұмыс жасадық. Әрбір әрекетті миллион рет қайталап, жаттығып, ойланып барып асығыстық қадамға бармай сақтық ережелерін бұзбаған жөн. Мамандыққа терең бойлай жүріп, төрт жыл бұрын мен альпенизммен айналысып кеттім. 3000 метр биіктікте Іле алатауында орналасқан шыңды бағындырдым. 28 Панфиловшылар дивизиясына арналған 3800 биіктіктегі шыңын бағындырдым. 4017 метр Абай шыңын, 4228 метр Президент шыңын бағындырдым, бұны кез-келген адам бағындыра алмайды. Енді 5000-7000 метр биіктіктерді бағындырса деген арманым бар. Әрине біз арнайы аяқ киім, көз әйнек таяқтарымыз болды. Биік шыңдарды бағындыру да үлкен жетістік деп ойлаймын.

**– Шетелде өнер көрсетіп жүлделі орындар алдыңыз ба, қандай оқиғаларды бастарыңыздан өткіздіңіздер?**

– Мен Галландия, Германия, Тайланд, Корея, Иран, Санкт-Петербург, Мәскеуде тағы да басқа қалаларда тәжірибе алмасу сапарларымен барған болатынмын. Мәселен, 2004 жылы біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша Әшірбек аға жетекшілігімен Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Т.Қышқашбаев, А.Кәкішевамен Германияға барған болатынбыз. Бос уақытта Әшірбек аға жанына шақырып алып: «Сенің жетекшің Тұрсынбек өте білімді адам, біз оны құрдастар болып, «Тортай» деп атап еркелетеміз» – деп өз ойын ашық айтатын. «Жалынбек, сені атаңның есімімен «Ахан» деп атаймын, екіншіден Ақан серідей жігіттің сұлтанысын» - деп марқайтып салатын. Өмірінің соңына дейін мені «Ақан» деп атап кеткен. Жанында бірге келе жатқанда, менің шынтақ білегімнен ұстап, шымыр бұлшық еттеріме разы болатын. «Осы дайындықтарыңды тоқтатпа» деп, кітабына қолтаңба жазып маған сыйға тартқан еді.

**– Жалынбек аға, сұхбатыңызға рахмет! Сізге шығармашылық табыстар тілейміз!**

**Нартай ЕСКЕНДІРОВ,**
театртанушы

## Талақ! Талақ! Талақ!

Сен – не деген құдіретті едің? Сен – адамзатты өзіңе ынтық, тәуелді ете білесің. Өзіңе мойынұсындырып қана қоймай, құмар, зәру, басыбайлы мұқтаж етесің. Иілместі еңкейтесің, жығылмасты жантайтасың, ауырмасты ауыртасың, бүгілместі бүкшеңдеткізесің. Бір сөзбен, сен – жұртты қарусыз, майдансыз, атыс-шабыссыз жаулап алып жатырсың. Жаныңа жолағанды жазатайым жолыңа салып, жолыңмен жүргенді жер жастандырып, түбіне жетіп өлексің. Жер бетіндегі қабірдің тең жартысынан көбін сен толтырған шығарсың? Мүмкін, одан да көбін...

Бір сөзбен сен сұмырайсың, суайтсың. Сұмырайлығыңды айттым, суайттығыңды айтайын ба? «Сен маған қайғыңды ұмыттырам, уайымыңды жеңілтдеттірем» – демеп пе едің. Ал, қане?.. Қайғым қалыңдады, уайымым арылмады... Қазір ойлап қарасам нағыз қайғы да, уайым да, қасірет те сенімен кездескеннен басталыпты ғой. Есіңде ме? Екеуіміз таныстық. Қазақ ұлттық өнер университетінің бірінші қабаты, мансапқорлар жиналатын бөлме. Мен сені ол кезде сырттай танитынмын. Сол күні, сол жерде жақын таныстық. Жақын деймін-ау, тіптен жақын. Мен сені сүйдім... Сен де сүйдің... Сүйістік... Сосын, менің еріпім кеберзіді, сенің кеңістігің кеңіді, бойың қысқарды. Сөйтіп, сол орында күнде, сәт сайын кездесетін болдық. Әрине, тек екеуіміз ғана емес, жалпақ жұртпен бірге. Арасында қатарластарым, жаңа достарым, құмарластарым және үлкен буыннан професорлар, магистранттар, мұғалімдер т.б бар. Иә, бәрі бар. Бастапқыда аталған үлкен кісілермен бірге сені кезіктіруге, сенімен құмарлығымды басуға ұялатынмын. Кейін көз үйренгесін бе, етім де үйреніп кетті. Сонда сездім, сен нағыз айлакер, алаяқ екенсің. Бірінші ақылымды аздырдың, екінші арымды айрандап, үшінші төзімімді тоздырдың, төртінші қалтамды құр қалдырдың. Қалтамда көк тиыным болмаса да, аталмыш бөлменің төңірегінен шықпай сенің келгеніңді күтетін халге түстім. Күтсем де келмейсің, тек қолыма тиын, қалтама ақша түссе болды келесің де қағып кетесің. Амал жоқ, сол бөлмеден сені іздеп, сенделемін де жүрем. Сені анадан сұраймын, мынадан сұраймын, қатарластарымның көбі сені көрсе де көрмеске салады, білседе білместің күнін кешеді. Әсіресе, осы қыстың қытымыр суығында сені тінтен іздейтін қалге түстім. Тағы да сүйгім, сенімен жылынғым келеді. Ардан безгенім соншалық, сол бөлмеде бізбен бірге қалауын жасап, құмарын басып жүрген ағай, апайлардан сұрайтын болдым. Олардан да ұят кеткен, көбі көңіліңді жықпайды, ал кейбірі қабағын тікситіп, көзін аударып жақтырмаған сыңай танытады. Қойшы, өзі қайсы бірін айтайын, абырой да, ар да, намыс та қалмады. Сен, тексіз ғып бітірерсің түбі бәрімізді?..

Қой сеннен қол үзбесем болмас. Әй, қайдам? Ол үшін бірінші, біздің университеттегі «мансапқорлар бөлмесін» жабу керек шығар. Өйткені, ондағы жұрт, жасы бар, карты бар сенің ыстық деміңмен бірге тыныстауды, әсіресе әлгі бөлмеде кездесуді мансап санайды. Себебі, осы жерде ғана студенті не, магистрі не, мұғалімін қойшы, профессордың өзі дәрежесі бірдей, бір-бірімен терезесі тең, титулы ұқсас болатын бөлме. Себебі, онда сен барсың. Сенен құтылмай біз сыйластықты, ішкі тәртіпті, сыпайылықты сақтай алмаймыз. Ендеше, мен сені талақ етемін. Онсызда ластанған ауаны бүлдірме, арамыздағы жіпсіз құрметтің, сымсыз сыйластықтың сиясын өшірме. Мен сені енді сүймеймін! Сені енді қаламаймын! Саған жоламаймын! Мен бастап қоямын, себебі сен ақылдыларға өктемдік жүргізе алмайсың. Сен тек ақымақтарға, жасықтарға ғана батылсың. Осымен қош бол, енді жолымыз түйіспес деген ниеттемін. Талақ, темекі! Талақ! Талақ!..

- Кешіріңізші, бір тұтам темекіңіз бола ма? Болса, беріңізші!..

**Нұрислам ӘБДІЛ,**
**«Театртану» мамандығының 4 курс студенті**

# Өлең өрнегі

## Көзқарас

Бұлтты аспаннан басқасы күркіремес,
Айта берсең сенім көп жан иланар.
Біздер үшін өзгерту мүмкін емес
Қалыптасқан қаншама қағида бар.

Көз алдында өткенді жүрегіңде,
Сақтай беру жөн емес есте де көп.
Мен ойлаймын шынымен бұл өмірде,
Өзгермейді дейтіндей ештеңе жоқ.

Арам – жақсы ойымен сан соқтығып,
Қайтер едің адалдар талап жатса.
Жақсы деген кездерің сан соқтырып,
Жаман деген мезгілің бақ орнатса.

Қуанышың өкінтіп,
Сірө, жыққан
Қайғы кетсе бір мезет тойға айналып.
Тәтті уылтып тіліңнен шығарып қан
Ащы жатса ішіңе майдай жағып.

Құлай сүйген адамың аттап ардан,
Басқаға арнап сезімін түн ұрласа.
Бағынбаған кокірек, тәкаппар жан,
Сенен басқа адамға жымимаса.

Қайтер едің кеш деген тым ерте боп,
Ерте бардым дегенде бөгелсеңіз.
Салмақты деп жүргенің бір еркелеп,
Ерке адамнан салмақты жөн көрсеңіз.

Жалған – бөлкім сыйлайды адамға үміт,
Шындық – мүмкін жоғалар жан ұқпаумен.
Күн – дегенің ол да бір қараңғылық,
Түн – дегенің ол да бір жарық сәулең.

Жығылмағын төбеңнен мың сан рет,
Табанымен тепкілеп тұрса да өмір.
Қыстыгүні өлмейді жусан жүрек
Күз келсе де сарғаймас шырша көңіл.

## Он жеті сәуле

Қараңғылыққа үйренген көзі бөрінің,
Қараңғылықтан арылды бір күн ауылым.
Жанармай сатып күн көріп жатқан шеттегі үй
Ауылға жақты жарығын.

Аспаннан мүмкін тұрмағаннан соң ай қарап,
Кобейтті кенет қатарын жалғап бай-манап.
Он жеті сәуле жарқырап тұрды жер-жерден
Жүз жетпіс үйді аймалап.

Сол түні алғаш көлеңке түсті адамнан,
Түнгі көлеңке ауылға тың боп саналған.
Он жеті сәуле кешігіп туды сол түні,
Он сегіз мыңдық ғаламнан.

Маубас миларды оятып түнде, таңда да,
Түн кешін жатқан ауылымды менің сандала.
Бір түнде түскен он жеті сәуле құтқарды,
Қараңғылықтан сәл ғана.

Елей алмаған ерінін қозғап еш пендең,
Ессіздіктерді тілсіз жау мүмкін ескерген.
Он жеті сәуле атылған кезде аспанға,
Жеті қарақшың сескенген.

Халыққа сонда қараңғылықтан жылаған,
Кеуделер болмай күйбеңдігіне тым алаң.
Қуатты, күйлі он жеті үйді өртеді,
Санасыз дейтін бір адам.

Өртеніп жатты, сол түнгі күш күй кетірді,
Өртеніп жатты өтіріктер де не түрлі.
Алауыздық та, жалмауыздық та алаулап,
Өкіріп жатқан секілді.

Он жеті сәуле – жәй-күйін елдің жұтатқан,
Он жеті сәуле – он жеті құты, құты аққан.
Он жеті сәуле – он жеті ошағы жұмбақтың,
Бір ғана пенде тұтатқан.

**Нұржан САЛИМОВ,**
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті





Осы жылы ғана оқуға қабылданған бірінші курс студенттеріне арналған «Кітапханаға саяхат» атты іс-шара өткізіліп, аталмыш орынмен жиі байланыс орнатып жүрген ізденушілер көптеген тың дүниелермен тыныстап қалды. Көкейіндегі сұрақтарын қойып, қызығушылық танытып рухани қор жинап та үлгерді.







Әр ұлттың, атап айтқанда орыс, әзірбайжан, өзбек, беларусь, тәжік секілді елдердің фольклоры мен әдеби ескерткіштері жайындағы қалың жинақтар да оқырман көздерін асыға күтуде. Ол аз десеңіз өткен жылдың жазында біздің университетімізде өткен 43-ші ICTM әлемдік конференциясына келген қонақтар да біздің кітапханаға ән, би, әдебиет, тарих тақырыптарында жазылған бірнеше оқулықтарын сыйға тартып кеткен болатын.






## *Шарлан таланттың өнердегі соқпағы әрқилы*

Қазан айының 26-шы жұлдызында дәстүрлі түрде өтіп жүрген «Ес-Аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің құрметті қонағы болған Қазақстанның халық артисі, талантты актер – Мейрамов Тілектес Уахитұлы. Актер қырық жасқа дейін Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуындағы» Қозыны ойнап келгені бәрімізге мәлім. Көптен бері осы кейіпкерді ойнамаса да, пьесаның мәтінін әлі күнге жатқа білетіні бәрімізді тәнті етті. Оны Қозының монологын сахна ортасына шығып айтып бергенде біздер таң қалғанымыз бар.

Моноспектакльді кәсіби театр сахнасында алғаш ойнаған Тілектес ағаның осы жанрға деген қызығушылығы 1969 жылдары басталған екен. Осы сұрақ төңірегінде жауап берген Т.Мейрамов алғаш рет моноспектакль Қ.Қуанышбаевтың өнерінен бастау алғанын айта отырып, дарынды тұлғаға деген құрметін ерекше білдіртті.



Бүгінгі таңдағы театрлар мен өнер саласындағы кокейкесті мәселелерді кеңінен қозғай отырып, кәсіби маман ретінде өз көзқарастарын ортаға салды. 2005 жылдан бастап қызмет жасап келе жатқан Астана қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрында болып жатқан мәдени жаңалықтармен бөлісті. Аталмыш театрда Ә.Оразбеков сахналаған «Абай» спектаклінде актер «Аға Абайды» кейіптейді. Бұл бейнені ойнау көп актерлердің арманы екені белгілі. Бірақ, Тілектес Уахитұлына Абай рөлін сахналауға режиссер ұсыныс жасағанда, оның данышпан тұлғаға түр-тұлғасының келмейтінін айтып, ол бірден бас тартқан. Бірақ, режиссер Ә.Оразбеков, Абайдың сыртқы бейнесін емес, ішкі жан-күйзелісін суреттеу керек екенін баса айтып, актер Тілектесті көндіреді. Содан бері, қазақтың дана Абайын дарынды актер сәтімен нұсқалап келеді.

Сонау 1960-80 жылдардағы ақиық актерлердің театрға ерте келіп, берілген ролдеріне дайындалып, өздерін қалыпқа түсіру тұрақты дағдысы Тілектес Уахитұлының бойына да дарыған. Қашан да оз кейіпкерін зерттеуден жалықпайтын Тілектес ағаның жастарға айтып жүрер ақылы да жоқ емес. Ол ең бастысы «Театрға адал болыңдар!» деген ұранын үнемі айтып жүреді. Ұлы Абай атамыздың бейнесінің сәтті шығуы да, осы ұстанымның нәтижесі болса керек.

Ол сахнаға шығарған эпизодтық бейненің өзі де кез келген туындының ажарын аша түсетініне талай мәрте куәгер болғанбыз. Жалпы, Тілектес аға бейнелеген рөлдер ешкімді қайталамайтын даралығымен ерекшеленетініне күмән келтірмейміз. Өйткені, актердің кейіптеген Шыңғыс хан, Жәңгір хан, Еділ патша сынды тағы басқа рөлдер оның ішкі жан арпалысымен біте қайнасқан жарқын бейнелер. Бұл актерлік шеберліктің, ізденістің, тынымсыз еңбегінің жемісі.

Сонымен қоса, кездесу барысында Тілектес Мейрамов озінің ұстазы Асқар Тоқпанов жайлы көп естеліктер айтты. «1 курс оқып жүрген кезім. Сабақта отырмыз. Ол кезде қазіргідей сыртқа сұрану деген жоқ, сұрансаң бәлеге қалатынсың. Содан не керек, отырмын, бірде созден соз шығып, Асқар аға Абай туралы айта бастады. Отырғандардың бірі «Абай атамыз дұрыс айтқан екен, ә?!» – деп еді, ұстазымыз: әкел домбыраны» – деп бірден қос ішекті қаға жөнеліп Абайдың да, Әйгерімнің де әнін

шырқап берді. Ол кісінің есте сақтау қабілеті өте мықты болған екен. Абайдың жырларын,жырларын, Қатаған мен Сүйінбай айтысын жатқа айтып отыратын» – деп, тағы басқа қызықты естеліктерімен өткенге шолу жасады.

Залда отырған студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып жатты. Соның ішінде жұбайы актриса Жұмагүл Мейрамовамен қалай табысқаны жайлы: «4 курс оқып жүрген кезіміз. Дипломдық жұмысқа Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері-Ақтоқты» спектаклінің дайындығы үстіндеміз. Ақан рөлін – мен, Ақтоқты рөлін – Жұмагүл апайларың ойнайды. Менің ғашықтық сахнам дұрыс шықпай жатса керек. Сол кезде Асқар Тоқпанов: «Әй, ана қасындағы қызға дұрыстап қарасаңшы, сен өзі ғашық болып көрдің бе? Сезінсеңші, қасындағы қызды!» – деді. Сол сәтте қарасам, шынымен де әдемі-ақ екен. Сөйтіп, жүріп Ақтоқтыны алақаныма қондырдым ғой», – деп залда отырған көрермендерді бір күлкіге бөлеп алғаны бар.



Тілектес ағамыз сахнаға шыққан кезде бар жан-тәнімен бейнеге оп-оңай беріле алғанымен, өмірде өте тұйық мінезді адам екенін былай баяндады: «Жалпы, мен ашуға жоқ адаммын. Бәрін ішіме сақтаймын. Сыртқа сирек шығарамын. Марқұм Асқар Тоқпанов ағамыз бір кездескенде: «Мен 120-ға келем. Себебі, ішімде ештеңе сақтамаймын. Сол сәтінде бұрқ-сарқ қайнаймын да, айтатынымды айтып-айтып, ішімді босатып аламын. Ал сен, абайла. Өйткені, бәрін ішіңе сақтайсың. Аурудың бәрі жүйкеден, байқа бала» – деген еді. Ренішімді де, қуанышымды да ішіме сақтайтыным рас. Бұл – о бастан қалыптасқан мінез. Жұрт осыған үйреніп қалды. Ендігі жерде ашуланып, айғайласып жатқанымды өзгелер көрсе төбесінен жай түскендей болады. Келелі кеңес пен ұтымды жауап алысу арасында «Дәстүрлі жыр» мамандығының 2 курс студенті Есназар Эльвира көрермен көкейінде қаларлық танымды терме орындап берді.

Сыбызғыдай сызылған даусымен әнші серпін сыйласа, «Дәстүрлі күй» мамандығының 3 курс студенті Қамбар Дидар халықты әсем күйімен балқытып әкетті. Сондай-ақ, Тілектес Мейрамовтың 1 курс студенттері Мырзабек Талғар, Егізбай Нұрсұлтан ұлағатты ұстаздарының алдында поэзия оқыды.

Жақсымен сұхбаттасқан жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей» деседі дана халқымыз. Шынымен де, сынаптай сырғанаған алтын уақыт ой түйер адамға өмірлік азық боларлық, әсерлі әңгімелерге толы болды. Әзіл-қалжыңмен, сырлы естеліктер ақтарған осы «Ес-Аймақ» ерекше өтті.

Әр ай сайын өтетін осындай әдемі кештерден қапы қалмаңыздар, құрметті студенттер!

